

1-дәріс. Психология ғылым ретінде

- «Психология» термині грек сөзінен аударғанда екі сөздің мағынасын білдіреді: *psyche* — жан, психика және *logos* — мән-мағына, ақыл-ой, таным, зерттеу (ғылымдардың дәстүрлі атауы сияқты бірінші бөлігі – ғылым нысанын, ал екінші бөлігі – оған жету жолын білдіреді).
- Сонымен, тура мағынада *психология* — бұл *психика туралы білім, оны зерттейтін ҒЫЛЫМ.*

- Ю. Б. Гиппенрейтер бойынша,
«Психология қазіргі танда адамға белгілі
ең күрделі құбылыс туралы ғылым.
Өйткені психика — бұл жоғары
ұйымдасқан материяға тән қасиет. Егер
де адам психикасы туралы айтсақ, онда
«жоғары ұйымдасқан» деген сөзге «ең
жоғарғы» деген сөзді қосу керек: себебі
адамның бас миы – бұл бізге белгілі ең
жоғары ұйымдасқан материя».

Психологияның дамуындағы негізгі сатылар

- 1) психология жан туралы ғылым ретінде;
- 2) психология сана туралы ғылым ретінде;
- 3) психология мінез-құлық туралы ғылым ретінде;
- 4) психология психиканың фактілерін, заңдылықтарын және механизмдерін зерттейтін ғылым ретінде.

- ✓ «Психология» терминін 1590 жылы неміс схоласттары Р. Гоклениус пен О. Кассман енгізген.
- ✓ 1732 г. Х. Вольфтың «Рациональная психология» атты кытабы шыққанда түбегейлі ғылымда орнықты.

Психологияның пәні

Ғылыми психологияның бүкіл тарихи даму жолы - зерттеу пәнінің кеңейюі болып табылады:

- ең алдымен адам туралы және оның қоршаған дүниедегі қатынастары туралы тұрмыстық білім жинақталды;
- сосын, философиялық және діни көзқарас кезінде психологияның зерттеу пәні жан, оның қасиеттері, оның мәні болып келді;
- Декарттан кейін, екі ғасыр бойы психология сана туралы ғылым болып келді;
- бейсаналықты зерттеу – психиканың ең терең аймақтарын психологияның зерттеу пәніне айналдырды;
- мінез-құлықты зерттеу – ағза реакцияларының жиынтығын психологияның зерттеу пәніне айналдырды.

Психологияның зерттеу пәнін қалай анықтауға болады?

Психология - психика туралы ғылым болып қалады. Ал психика көптеген субъективті құбылыстардан тұрады:

- Психикалық үрдістер
- Психикалық күйлер
- Психикалық қасиеттер
- Психикалық құрылулар

Психологияның салалары

Психологияның салалары бірнеше критериялар бойынша жіктеледі :

1. **Нақты іс-әрекет:** еңбек психологиясы, педагогикалық психология, спорт психологиясы, өнер психологиясы, медициналық психология және т.б.
2. **Даму критерийлері:** даму психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, аномалды даму психологиясы, салыстырмалы психология.
3. **Тұлға мен қоғам қатынасы критерийі:** әлеуметтік психология.

Психологияның міндеттері және ғылым жүйесінде алатын орны

- Психикалық құбылыстардың мәнін және заңдылықтарын түсінуді үйрену;
- Оларды басқаруды үйрену;
- Алынған білімдерді практикада тиімді қолдану;
- Психологиялық қызметтің теоретикалық негізі болу.

Психология әдістері

- Бақылау
- Эксперимент
- Сұхбат
- Тесттер әдісі